

Балабақшада қазақ тілін үйретудің тиімді жолдары



Балабақшада қазақ тілін үйретудің тиімді жолдары:

Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде және «Тіліміздің мемлекеттік қызметте де, ғылымда да, білім беруде де орыс тіліндей болып қолданылуы үшін қолдан келетіннің бәрін істеу керек»- деген елбасы Н. Ә. Назарбаевтың тұжырымдамасы бар.

Сондықтан да білім беру жүйесінің барлық сатыларының алдында тұрған көкейтесті мәселелерінің бірі: білім сапасын арттыру, оның әдістемесін жетілдіру жас ұрпақтың тұлғалық дамуына қолайлы жағдай жасау, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға білім беру стандарты бойынша мектепке дейінгі тәрбиемен оқыту барысында бүлдіршіндерге қазақ тілін үйретудің білім - деңгейі нақты бағдарламамен берілген. Заман талабына сай әр мұғалім өз сабағын жаңаша ұйымдастырып, шығармашылық ізденіспен өткізеді. Осы мақсат пен міндеттерді негізге ала отырып, өзге ұлт балаларына қазақ тілін үйретуде тек қана сөздерді қайталау арқылы үйретпей, оларды ойындар мен көрнекіліктер арқылы үйреткен тиімді болып табылады. Ойын мен көрнекілік — балалардың тілді үйренуге деген қызығушылығын арттырады, сенімін оятады. Ойын элементтері оқытудың бір түрі болып табылады. Бұл әдістің тиімділігі балалардың белсенділігін пәнге деген қызығушылығын, ынтасын арттыруында болып табылады.

Оқудың алғашқы кезінде балалардың тілдік материалдарды жеңіл меңгеріп кетуіне көмектеседі. Ойын түрлерін дұрыс өткізілген сабақта балалардың тілді үйренуіне ынтасы артып, сол тілді білуге қызығады.

Баланың шаршауын сейілтiп, қызығушылығын арттыратын тек ойын элементтері болып саналады. Ойын баланы бiрiгiп жұмыс iстеуге бағыт бередi, iздендiру дағдысына қалыптастыруына мүмкiндiк туғызады.

Қазақ тiлiн оқытуда ойын түрлерiн мынадай мақсатта қолдану тиiмдi:

1. Мұғалiмнен кейiн қайталау арқылы сөздердiң фонетикалық жағын меңгерту.
2. Балалардың тыңдау зейiнiн қалыптастырып сөздердi дұрыс айтуға дағдыландыру.
3. Балалардың сөздiк қорын молайтып, оны дұрыс қолдана бiлуге үйрету.
4. Балалардың ойын дамыту, дұрыс айту, дұрыс бiлу дағдысын қалыптастыру.

Балаларды қазақ тiлiнде сөйлеуге, қарым - қатынас жасауға әрбiр мұғалiм өз сабақтарында жаттығудың бiр түрi ретiнде ойындарды қолданады. Таңдап алынған ойындар балалардың сөз байлығына, тiл қорына сай болу керек. Мұғалiм кез - келген ойынды өткiзу үшiн алдын - ала жоспар құрып алуы қажет. Сонымен бiрге мұғалiм ойынға қойылатын төмендегi әдiстемелiк талаптарын бiлiп орындауы тиiс:

1. Ойынның өтiлетiн сабақтарының мазмұны мен тақырыбына сай болуы.
2. Ойынға берiлген уақытты нақты белгiлеу.
3. Ойынның ойналу әдiсi, топ болып ойнау.
4. Ойынға қажеттi материалдардың түгел дайындалып қойылуы.
5. Қолданылған сөздер, сөз тiркестерi, өлеңдi таңдау.
6. Ойындардың өту барысының жоспарын жасау.

Мұғалiм алдымен баланың оқуға қызығушылығын ояту қажет. Баланың қызығушылық танытып, оқып үйрену барысында қабiлетi ашылып, дарыны ұшталады, өз күшiне мүмкiндiгiне сенiмi артады, дара тұлғалық сипаттарға ие бола бастайды.

Қызығуды туғызу үшiн ойын түрлерiн пайдаланудың орны бөлек. Тиiмдi пайдаланылған ойын түрлерi мұғалiмнiң түсiндiрiп отырған материалын бүлдiршiндердiң зор ынтамен тыңдап, берiк меңгеруiне көмектеседi. Өйткенi, балабақшадағы балалардың ынтасы сабақтан гөрi ойынға ауып отырады.

Қызықты ойын түрiнен кейiн олар тез серiгiп, тапсырманы ықыласпен сапалы орындайтын болады. Ойындар барлық топтарда қолданылады.

Ұйымдастырылған оқу іс - әрекеті кезінде мынадай ойындарды ойнауға болады:

1. Сиқырлы қоржын. (тақырыптар: «Жемістер», «Көкөністер», «Ыдыстар» «Ойыншықтар» т. б.)
 2. Үйде кім жоқ? (тақырып: «Отбасы мүшелері»)
 3. Аудармашы. (барлық тақырыптарға келеді. Мұғалім сөзді қазақша айтса, бала орысшаға аударды, немесе мұғалім орысша айтып, қазақша аудармасын сұрайды)
 4. Есіңе сақта. (Балаларға сөздерді қайталата отырып, бір сөзден төрт сөзге дейін жатқа айтқызу, барлық тақырыптарда қолдануға келеді.)
 5. Не жоқ? (тақырыптар: «Үй жануарлары», «Жабайы жануарлар», «Киімдер» т. б.)
 6. Кімнің дауысы? («Үй жануарлары», «Жабайы аңдар», «Үй құстары») тақырыптарына қолдануға болады. Теледидардан дыбысты тыңдату немесе бір балаға айтқызу. Тақтаға бір бала шығып теріс қарап тұрады. Мұғалім бір баланы шақырып, үй жануарлары, жабайы аңдар, үй құстары дауысын айтуды сұрайды, теріс қарап тұрған бала ненің дауысы екенін айтып және сол жануардың суретін көрсетеді.
 7. Үстелде не жоқ? т. б. («Оқу құралдары», «Азық – түлік», «Киімдер» т. б.)
- Бұл ойындар балалардың танымын кеңейтіп, білім мен білік шеберліктерінің жан - жақты дамуына, қалыптасуына, тілдік материалдарды жақсы біліп, сөз іскерліктерін меңгеруіне көп көмектеседі.

Ойындар балалардың танымын, ақыл – ой белсенділігін қалыптастырудың маңызды құралы бола отырып, олардың бағдарлама материалының негізгі тақырыптары бойынша алған білімдерін тереңдете түсуді, әрі пысықтауды көздейді. Бұл ойындар балалардың сабақ үстіндегі жұмысын түрлендіре түседі, олардың пәнге қызығушылығын оятып, ынта – ықылас қоюына баулиды және бүлдіршіндердің зейінін, ойлау қабілеттерін дамытады. Ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндеттерді шешеді.

Ойынның мақсаты бағдарламада анықталған білім, білік, дағдылар жайында түсінік беру, оларды қалыптастыру және тиянақтау және пысықтау немесе тексеру сипатында болып келеді. Ойынның міндеті баланың қызығушылығын оятып, белсенділігін арттыру мақсатында іріктеліп алынған нақты мазмұнымен анықталады.

Ойын ұғымына түсінік берсек, бұл баланың мінез-құлқына өзі басқарумен қатар топпен жұмыс жүргізе білу әрекеті, ол баланың бір - біріне көмектесу, тез ойлау қабілетін, алға ұмтылу ісін дамытады.

Сондықтан бағдарлама бойынша ұйымдастырылған оқу іс - әрекеті кезінде ойын түрлерін үнемі пайдаланып отыру керек.

Қорыта келгенде, ұйымдастырылған оқу іс - әрекеті кезінде «ойын түрлерін пайдалану біріншіден, балалардың білімін берік меңгерту құралы болса, екіншіден балалардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру болып табылады. Ойын түрлерін пайдалану мынадай нәтижеге жеткізеді.

Нәтиже:

1. Әр баланың шығармашылығы артады.
2. Жылдам жұмыс істеуге дағдыланады.
3. Баланың жеке қабілеті анықталады.
4. Бала топ жаруға ұмтылады.
5. Баланың ойлау қабілеті дамиды.
6. Әр бала өз деңгейімен бағаланады.

Сонымен қатар, балалардың тілдерін дамыту үшін әр сабақта өлең, тақпақ, жұмбақ, мақал – мәтел, жаңылтпаш, сергіту сәттерін жиі пайдаланамыз.

Жоспар бойынша мерекелік

іс – шараларға өлеңдер, әндер жаттап, түрлі ойындар үйренеді. Бірақ, соның ішінде бала тәрбиесіне ерекше әсер ететін – бұл ертегілер әлемі.

Ертегілер балаларды білгір, батыл, ойшыл, еңбекқор, өнерпаз болуына ықпал етеді. Ертегілер немесе шағын көріністер бойынша қойылым көрсету үшін алдымен жүйелі түрде дайындық жұмыстарын жүргіземіз. Содан кейін балалар өздеріне ұнаған кейіпкерлерін таңдап алады. Сонда ғана әр балаға олардың сөздерін қайталатып, жатқа үйретеміз. Ал, ертегіні сахналаған кезде балалар

өздерінің қалаған кейіпкерлерінің сөзін жатқа айта отырып, мінез – құлқын, іс – әрекетін көрсетуге тырысады. Ертегі арқылы баланы адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеуге болады.

Ата – бабамыз қалдырған асыл мұраны қолданғанда біздің көздеген мақсатымыз – болашақ ұрпақты еңбекке, адамгершілікке, имандылыққа, инабаттылыққа тәрбиелеу, ойлау қабілеттерін дамыту.

Біздің міндетіміз – мемлекеттік тілдің мерейін үстем етіп, аясын кеңейтіп, мемлекеттік тілімізді өрге бастырып, тіл дәрежесін көтеру болып табылады.